

«Шұғаның белгісі» шығармасы жайында

Б. Майлин (1894-1938) аз ғана ғұмырында кейінгі ұрпаққа өшпес қазына қалдырып кетті десек артық айтқандығымыз емес. Әдебиеттегі алғашқы қадамы өлеңнен басталып, қазақ поэзиясының дамуына мол үлес қосты.

Б. Майлиннің поэзиясы, проза, драмалық шығармаларының бүгінгі күнге дейін өз оқырмандары бар және сөз өнеріміздегі қымбат қазына. Мысалы, «Шұғаның белгісін» «Қырманда» повестері мен «Сексен сом» «Кедей теңдігі» атты т.б. әңгімелерінің өз сүйікті оқырмандары заман өзгеруіне қарамастан табылып жатады.

Майлин – реалист, оның поэзия, проза драматургия салаларының қай-қайсында жазған шығармаларын алып қарасаңыз да, шындық пен ақиқаттан басқасын көрмейміз. Соның өзін көркемдік шеберлігімен оқырманына жеткізуінің өзі үлкен өнер. Мұндай шеберлік кез келген шығармадан көрінері көрінбесі екі талай.

Біздің айтпағымыз, Б. Майлиннің XX ғасырдың алғашқы оныншы жылдарындағы «Шұғаның белгісі» повесі қазірге дейін қазақ повесінің үлгісі екенін кез келген оқырман мойындайтыны сөзсіз. Мұнда сол заманның әлеуметтік тұрмысы-тіршілігі, кедейлік, яғни әр заманның өзіне тән қиыншылықтарының махаббатқа тигізер әсері үлкен шеберлікпен бейнеленген. Шығарманың бас кейіпкері – Шұға бейнесін өз заманының қыздарымен салыстыру арқылы береді. Шұғаға деген Әбдірахманның сезімі, махаббаты, оған қояр тосқауыл – **кедей баласы** екені қатты күйзелтеді:

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-күйін айтып мұңайды.

- Осы менің кедейлігім-ау, бай баласы болсам, Шұға сөзсіз қабыл алар еді, - деді.

Әзілдесіп тұрып Әбдірахман көңілін білдірсе, Шұға түсінбегенге салыныпты. Салған жерден бола қоймады деген мұныкі де тентектік қой...

Қалтасынан бір бүктеулі қағазды алды да:

- Мына хатты Шұғаға жазып отырмын. Менің ойым, Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді. Болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де, және оған беретін менде малда жоқ. Не жауап қайтаратынын кайдан білейін, - деп күрсінді. Ажарында бір түрлі кейістік бар еді. Хатты ашып оқыды. Құдай берген өлеңді аясын ба, ұзыннан-ұзақ жазған. Сондағы Шұғаға жазған хаты:

*«... Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,
Буландырған, уландырған жас жанды.
Біз бір ғаріп паналаған саянда,
Жас жүректе мықты жара басталды.
Кірді нұрың, отты жақты ішіме,
Көтерем деп сене алмаймын күшіме.
Бірінші зар шықты тілден мұнданып,*

*Бұдан бұрын айтылмаған кісіге.
Жас жүректің жалқынды деп тілегі,
Жарамдысын сізден қалап тіледі.
Әзіріне үміт қаптың тауындай,
Жазмыс түрін жауап қайтса біледі.
Минут, сағат, күндік, айлық қол емес,
Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.
Көрсө қызар, антын бұзар кылжақбас,
Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес.
Бір көргенде сикырланып ақыл-ой,
Бал сөзінде қалды ынтам бір қанбай.
Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай,
Жылы жүзбен көңілді жай кылардай.
«Болад» деген жалғыз ауыз сөз тапсам,
Көңіліме сақтар едім құрандай...»*

Түсте қойдан келгенде Базарбайды шақыртып алып хатты бердік. Шұға жауап жазса тоқтаусыз әкеліп жеткіз дедік.

Автор Шұғаның көріктілігіне мінезінің салмақтылығын, ұстамдылығын және ақылдылығын өте керемет бейнелейді және сол көркемділік қазақ қыздарының қай-қайсысына да тән екендігі айдан анық. Яғни «Шұға» арқылы қазақ халқының қыздары бейнеленетіндей. Шығарма негізінен:

Кедейден шыққан Әбдірахман есімді мұғалім жігіт Есімбек байдың Шұға атты сұлу қызына ғашық болады. Жігітті қыз да сүйеді. Байларға бұл ұнамағандықтан, жала жауып, Әбдірахманды айдатып жібереді. Бұған күйзелген Шұға айықпас дертке ұшырайды. Қызының халіне қиналған Есімбек болысқа айтып, Әбдірахманды амалсыз босаттырады. Әбдірахман сүйікті Шұғасын көруге асығып келсе, қайран ару бұл дүниемен біржолға қоштасқан екен, оның өзіне жазып қалдырған хатын оқып, көз жасы көл болады.

Әрине, мұндай көркем прозаны екі-үш ауыз сөзбен қайыру немесе бір ауыз сөзбен бар шеберлігін айтып шығу мүмкін емес, ал студенттердің Б. Майлин туралы, оның шығармалары, әсіресе «Шұғаның белгісі» жайында әңгімелері, әрқайсысының айтар сөзі, пікірі таусылмастай болды. Өйткені Б. Майлиннің керемет шеберлігімен оқырманын бірден баурап, үйіріп әктері анық... .

П.Т. МЕДЕТБЕКОВА
Жалпы тіл білімі және шетел филологиясы
кафедрасының доценті